

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 17 ақпандағы № 151 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 5 сәуірдегі № 364 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің 2011-2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 17 ақпандағы № 151 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің 2011 - 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында:

«Бюджеттік бағдарламалар» деген 7-бөлімде:

«Бюджеттік бағдарламалар» деген 7.1-кіші бөлімде:

010 «Бәйтерек» ғарыштық зымырандық кешенін құруды несиелеу» деген бюджеттік бағдарламада:

«Бюджеттік шығындар көлемі» деген жолдың «2011 жыл» деген бағанындағы «0» деген сан «3 587 617» деген сандармен ауыстырылсын;

«Бюджеттік шығындар жинағы» деген 7.2-кіші бөлімде:

«2011 жыл» деген бағанда:

«Бюджеттік шығындардың барлығы» деген жолдағы «35 304 595» деген сандар «38 892 212» деген сандармен ауыстырылсын;

«Дамудың бюджеттік бағдарламалары» деген жолдағы «32 879 382» деген сандар «36 466 999» деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов*